

# Сан ғасырдың сырларын саф алтындай сақтаған

Облыстық Дала өлкесі тарихы мұражайына – 45 жыл

Кешегі күн – тарих. Сол өткеннің бүгінгі ұрпаққа берері бар, тағылымды һәм тарихи тұстарын таразылап, кейінгі толқынға жеткізер мәдени орда – мұражайдың рухани дамуымызға қосар үлесі орасан. Осы мақсаттағы маңызды міндетін жарты ғасырға жуық уақыт бойы мінсіз атқарып келе жатқан – төл мұражайымызды кім – кімге болса да мақтанышпен көрсете аламыз. Ғимараты тозып, жөндеуді қажет етіп тұрса да, мұражайымыз жәдігерлерінің құндылығымен, мамандарының білгірлігімен маңдайалды мәдени ордаға айналып отыр.



Мұражай ұжымы – 45 жылдық мерейтойын Қазақ жасөспірімдер театры ғимаратында салтанатты түрде атап өтті. «Ғасыр сазы» деп аталған мерекелік шараға қала әкімі атынан орынбасары Қайрат ШЕВ пен қалалық мәслихат хатшысы Сабыржан ТАСМАҒАМБЕТОВ қатысып, ұжым өкілдерін құттықтап, сый – сыйпақтарын табыс етті. Мұражайды сан жыл басқарған, ҚР – ның Мәдениет қайраткері Жұмағали ӨМІРБЕК, мұражай директоры Гүлбану ЕЛТЕБАЕВА сөз алып, мұражайдың тарихына тоқталды.

Қаламыздағы облыстық дала өлкесі тарихы мұражайы ҚазСР министрлер кеңесінің жарлығымен 1972 жылы құрылып, рухани ордамыз 1973 жылы 28 шілдеде өзінің алғашқы келушілерін қабылдады. Сол уақыттағы мемлекет басшысы Діномұхамед ҚОНАЕВТЫҢ өзі ашылуына қатысып, ақ батасын берген мұражайымы-

ін бір сәтке де толастаған емес. Рухани орданың ашылуына зор үлесін қосып, ондағы алғашқы жәдігерлерді өз қолымен тіркеп жинаған қазақтың біртуар ұлы Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ ағамыз еді. Бүгінде сол аз ғана тамшыдан пайда болған мұхиттай, мұражай үлкен тарихи қазынаға айналды. 76 000 экспонаттан құралған мол жәдігерлер қоры кім – кімді де қызықтырады сексіз. Атап ай-

қазындағы адамдардың өмір сүру жағдайынан бастап, тас, темір, қола дәуіріндегі еңбек құралдары сақталған. Үшінші қабаттағы этнография залынан төл дүниелерімізге көзайым болып, төмен түссеңіз, тарихтан мол мағлұмат аласыз. Яғни, кешегі Кеңес дәуірі кезіндегі Қазақстанға саяхат жасап, Қызылқозыдан бастау алған кенді өлкемізден Арқалық қазынамыз бой көрсетіне келіміз

бұрышынан бұрын көрмеген қызықты дүниелерді көресіз. Бірінші қабатта сізді Торғай өлкесінің бай табиғаты күтеді. Мұнда бүгінгі күні осы жерді мекендейтін аң – құстардан бөлек, өңірімізден табылған зілдің қанқасы да қойылған.

Осының бәрін көздің қарашығындай сақтап, бүгінгі күнге жеткізген мұражай қызметкерлерінің еңбегіне қолымызды

келерінде мерейі үстем болды. Мұражайда тапжылмай 40 жыл еңбек еткен София MAKEEVA мен ұжымда ширек ғасыр бас қор сақтаушы болып нәтижелі қызметімен танылған Рая ХАСЕНОВА зейнет демалысына шығуына орай бірі Қостанай облыстық Мәдениет басқармасының бірі Қ. Р. –ның Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет» грамо-